

ОӘЖ 343.74

Қаражанов Малик Дулатұлы

Құқық бойынша философия докторы (PhD), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: Karazhanov_1982@mail.ru

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы

заң ғылымдарының магистрі, Шәкәрім атындағы университет, Семей қ.

e-mail: ainash_77_77@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ОБЪЕКТІСІ МӘСЕЛЕСІНЕ

Әрбір істелген қылмыстық құқық бұзушылық белгілі бір объектіге қол сұғумен қатар оған белгілі бір зиян келтіру қаупін туғызады. Қылмыстық заң нормасымен қорғалатын объектіге қылмыстың қол сұқпауы мүмкін емес. Сондықтан да қылмысты қол сұғушылықтың объектісін дұрыс анықтаудың теориялық, практикалық маңызы ерекше.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін дұрыс анықтау ұқсас қылмыстарды бір-бірінен, қылмысты қылмыс емес әрекеттерден ажыратуға жәрдемдеседі. Өйткені қылмыстық-құқылық қорғау объектісіне әрқашан да өзінің мәні мен дәрежесіне қарай ерекшеленген маңызды қоғамдық қатынастар жатады. Объект маңызды болса соған сәйкес істелген қылмыстық құқық бұзушылық та қауіпті болып саналады, соған орай оны қылмыстық-құқылық қорғау да қатаң түрде жүзеге асырылады. Мақала авторлары объектіні дұрыс анықтаудың өзіндік көзқарастарын білдіре алды.

Түйін сөздер: қылмыстық құқық бұзушылық объектісі, объект мәселесі, қоғамдық қатынастар, мүдде, қатынастар.

Каждое совершенное уголовное правонарушение посягает на определенный объект или создает угрозу такого посягательства. На охраняемый уголовным законом объект преступление никак не может не посягать. Поэтому большое значение для теории и практики имеет определение объекта уголовного правонарушения.

Правильное определение объекта уголовного правонарушения помогает отличить между собой как смежные преступления, так и непреступные действия. Объектом в большинстве случаев выступают общественные отношения. Объект уголовного правонарушения всегда является значимым, как и опасность совершенного преступления, поэтому уголовно-правовая защита объекта всегда осуществляется в строгом порядке. Авторы статьи попытались дать свое видение определения объекта уголовного правонарушения.

Ключевые слова: объект уголовного правонарушения, проблема объекта, общественные отношения, интересы, отношения.

Every committed criminal offense encroaches on a certain object or threatens such an infringement. The object of crime protected by a criminal law can not but encroach. Therefore, the definition of the object of a criminal offense is of great importance for theory and practice.

Correct definition of the object of a criminal offense helps to distinguish between each other as adjacent crimes, and non-criminal actions. The object in most cases is social relations. The object of a criminal offense is always significant, as is the danger of a committed crime, therefore, the criminal-legal protection of an object is always carried out in strict order. The authors of the article tried to give their own vision of the definition of the object of the criminal offense.

Keywords: object of a criminal offense, object problem, public relations, interests, relations.

Объект маңызды болса соған сәйкес істелген қылмыстық құқық бұзушылық та қауіпті болып саналады, соған орай оны қылмыстық-құқылық қорғау да қатаң түрде жүзеге асырылады.

Кеңестік кезеңдегі ғалымдар Н.Д. Дурманов, Н.И. Загородников, В.Н. Кудрявцевтер қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қатынастарды атаған. Кеңестер одағы өмір сүрген уақытта қылмыстың объектісі қоғамдық қатынастар болып табылады деген пікірі тереңнен етек алып, басқа пікірлерге қарағанда доминанттық рөлге ие болды.

Бірақ кейінгі кезде қоғамдық формация мен ондағы қарым- қатынастардың өзгеруіне байланысты қылмыстық объектісі тек қоғамдық

қатынастар болып табылады деген пікір қайта қарастыру қажеттілігі туындайды.

Ресейлік ғалым А.В. Наумовтың айтуынша қоғамдық қатынастар шынымен де көп жағдайларда қылмыстың объектісі болып табылады, мысалға меншікке қарсы қылмыстарда қылмыс объектісі ұрланған мүлік емес, сол мүлікке деген меншік құқығынан туындайтын мүлікке ие болу, пайдалану және билік ету қатынастары келеді [1,6.220]. Бірақ кей жағдайларда қоғамдық қатынастың қылмыс объектісі ретіндегі теориясы жеткіліксіз болып шығады. Ол әсіре жекесе адамға қарсы қылмыстарға қатысты байқалады, мысалға адам өлтіру, адам ұрлау және т.б.

Жоғарыда атап өткеніміздей бүгінгі күні қылмыстық заңнаманың қорғайтын ең басты қазынасы адам, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Осы кезде А.В. Наумовтың ұсынған пікірімен келіспеуге болмайды.

Соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар қылмыс объектісіне қатысты жемісті зерттеу жүргізді. Е.І. Қайыржановтың пікірі бойынша қылмыстың бірден бір объектісі мүдделер болып табылады, мүдде адамға қажет және пайдалы құндылықтардың жиынтығы болып табылады [2,б.49].

Сәйкесінше, қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қатынастар, құқықтар, заңды мүдделер және тиісті құндылықтарды тануымыз керек.

Қылмыс объектісі - кез келген қылмыс құрамының қажетті белгісі болып табылады. Ешқандай объектіге немесе қылмыстық заңмен қорғалмаймын объектіге қарсы бағытталған әрекет қылмыс болып саналмайды.

Сонымен, қылмыс объектісі ретінде адам қылмыс жасай отырып қол сұғатын және қоғамға қауіпті әрекетпен зиян келтіретін не келтіру қаупін тудыратын қылмыстық заңмен қорғалған әлеуметтік маңызды мүдделер, құқықтар және құндылықтардың кешенін түсіну керек.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстың объектісі деп қылмысты қол сұғушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынастарды айтамыз. Әрбір істелген қылмыс белгілі бір жағдайларда қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады.

Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымы қорғалатын қоғамдық қатынастарды барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы объектісі деп таниды. Қылмыстың заңмен қол сұғушылықтан қорғалатын қатынастардың тізбегі Қылмыстық кодекстің оның заңдарының міндеттерін айқындайтын 2-бабында атап көрсетілген [3,б.5].

Қылмыстық заңмен кез келген қоғамдық қатынастар қорғала бермейді. Сондықтан да қылмыс істеу арқылы қоғамдық мүддеге елеулі қауіп келтіретін немесе қауіп келтіруі мүмкін жағдайда ғана қылмыстық құқылық нормамен қорғалатын қоғамдық қатынастар қылмыстың объектісі болып табылады.

Қылмыстың жалпы объектісі болып танылатын қоғамдық қатынастардың өзі тарихи өзгермелі болып отырады. Оның қатарына жаңа құбылыстардың қылмыс болып танылуына байланысты кеңеюі немесе қылмыс болып

келген кейбір нормалардың күшін жоюына байланысты тарылуы мүмкін.

Мүдде деген ұғым қоғамдық қатынастардың құрамдас бір бөлігі ғана. Өйткені қоғамдық қатынастар қылмыстың жалпы объектісі ретінде өз бойына мына элементтерді: қоғамдық қатынастардың субъектілерін; олардың әрекеттері мен өзара қатынастарын; қоғамдық қатынастар субъектілерінің заңмен қорғалатын материалдық, заттық, мүліктік, басқа да игіліктері мен мүдделерінің жиынтығы болып табылады [2,б.27].

Осыған орай, қоғамдық қатынастар дегеніміз адамдардың белгілі бір әлеуметтік қажеттілікке байланысты мінез-құлықтары, іс-әрекеттері мен олардың өз байланыстарының көріністерінің жиынтығы болып табылады.

Қоғамдық қатынастар бұл - өте күрделі және әр түрлі, жан-жақты әлеуметтік, өз бойына бірнеше элементтердің жиынтығын қамтитын құрылым болып табылады. Қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастардың маңыздылық дәрежесі де қылмыстық заңдарды рет-ретімен орналастыру үшін аса қажет. Осы белгісіне қарай қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімі тарауларының, сондай-ақ әрбір тараудағы баптардың бірінен кейін екіншісінің орналасуы жүзеге асырылады. Қоғамдық қатынастардың маңыздылығы, оған келтірілген зиян мөлшері қылмысты саралау үшін, сондай-ақ сол қылмыс үшін жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін де аса қажет.

Қылмыстық ғылым теориясында қылмыстың объектісін жете білу үшін оның маңызын және атқаратын ролін, қызметін түгел ашу мақсатымен қылмыстың объектісін жалпы, топтық және тікелей деп бөлу қағидасы қалыптасқан.

Қылмыстың жалпы объектісі деп қылмыстың заң нормасы арқылы қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтамыз. Қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстық іс-әрекеттің кез келгенінің барлық уақытта да қоғамдық қатынастардың белгілі бір түріне қиянат келтіруінің өзі қоғамдық қатынастардың барлық қылмыстардың жалпы объектісі екендігін көрсетеді.

Топтық объект дегеніміз қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заң қорғайтын біртектес немесе өзара ұқсас қоғамдық қатынастардың белгілі бір бөлігі болып табылады. Бір топтық объектіге қол сұғуына байланысты қылмыстар Ерекше бөлімнің жеке-жеке тарауларына біріктірілген. Қылмыстық құқық бұзушылықтың топтық объектісінің атауы көп жағдайларда Қылмыстық кодекстің

Ерекше бөлімінің тарауларында көрсетіледі, кейбір реттерде заң шығарушы оны Ерекше бөлімнің бір бабында да атап көрсетеді [4,б.127].

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың біртектес тобының объектісі Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тараулардың өзара орналасу негізін жасаумен бірге, істелген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты белгілейтін нормалардың және қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты, ғылыми түрде топтастырылуына жол ашады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың топтық объектісін анықтау ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен дұрыс жіктеп, ажыратуға мүмкіндік береді. Мысалы, жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен бұзақылықты бір-бірінен ажырату объект арқылы жүзеге асырылады. Өйткені, жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісі - жеке тұлға (оның өмірі, денсаулығы, ар-намысы), ал бұзақылықтың объектісі - қоғамдық тәртіп [4,б.166].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі деп қылмыстық заң қорғайтын нақты қатынастарға бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтардың тура немесе тікелей бағытталуын айтамыз. Тікелей объект топтық объектінің бір бөлшегі және ол қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті элементтерінің бірі болып табылады. Қылмысты қиянат пен қол сұғатын кез келген қоғамдық қатынастар қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі бола бермейді. Тікелей объект бұл нақты қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілі бір мүддеге, игілікке тура бағытталуын білдіреді. Кейбір жағдайларда заң қайсыбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын түзегенде іс-әрекет арқылы оның бір емес, бірнеше тікелей объектілеріне қол сұғатынын белгілейді. Мұндай құрамдарға мысалы, қарақшылық, өтірік хабарлау сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады. Қарақшылықта қылмысты қол сұғу бір мезетте екі бірдей объектіге - меншікке және адамның денсаулығына қарсы бағытталады, ал өтірік хабарлауда әділ соттылыққа және жеке адамның мүддесіне зиян келтіріледі. Мұндай бір мезетте екі бірдей тікелей объектіге қол сұғатын

қылмыстық құқық бұзушылықтарды екі объектілі қылмыстар деп атаймыз. Заң шығарушы мұндай реттерде осы екі объектінің біреуінің қылмыстық құқық бұзушылықты саралауда, оның Ерекше бөлімдегі алатын орнын анықтаудағы, осы құрамның құрылысындағы маңыздылығына мән бере отырып, осы объектінің біреуін негізгі тікелей объект деп таниды. Негізгі тікелей объектінің белгісі бойынша заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылық құрамын Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті тарауына жатқызады. Сондықтан да қылмыстық құқық теориясында тікелей объект негізгі, қосымша және факультативті тікелей объектілер болып бөлінеді [4,б.167].

Көптеген жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының тікелей объектісі қылмыстық заңның диспозицияларында көрсетілмеген. Мұндай жағдайларда оны табу үшін қылмыстық заңның мазмұнын талқылап, сот тәжірибелерін кеңінен қолдану қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісін анықтау қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін, істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігін, мәні мен дәрежесін дәл анықтау үшін, істелген қылмыстық құқық бұзушылыққа тиісті әлеуметтік құқылық баға беру үшін аса қажет.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған орай анықталады. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабының 2-тармағында тура көрсетілген. Сондай-ақ Республика Конституциясында адамның жеке басына – өміріне, қадір-қасиетіне қол сұғылмауына кепілдіктер берілген.

Жеке адамның бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі адам мен азаматтың бостандығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар, олар яғни: адамның бостандығы, оның жеке басының қауіпсіздігі, құқықтары мен заңды мүдделері, қызмет түрі мен мамандықты еркін таңдау құқығы болып табылады [5,б.204].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть: Курс лекций. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Бек, 1999. - 572 с.
- 2 Каиржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть). Алматы: Жеті-жарғы, 2003. – 285 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма К», 2017. – 188 бет.

4 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне түсіндірме /Жауапты редактор з.ғ.д., профессор А.Н.Ағыбаев – Алматы: Жеті-жарғы, 2015. – 980 б.

5 Комментарий к Общей части Уголовного кодекса Республики Казахстан /Ответственный редактор доктор юридических наук, профессор И.Ш. Борчашвили. – Алматы: Жеті-жарғы, 2015. – 610 с.

Қаражанов Малик Дулатұлы

Лауазымы: Құқық бойынша философия докторы (PhD), Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау Институт директоры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қабанбай батыр көшесі 42-80

Ұялы тел.: +7 775 538 60 17

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы

Лауазымы: заң ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Бозтаева 77-27

Ұялы тел.: +7 701 339 88 81

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мәселесіне

Қаражанов Малик Дулатович

Должность: Доктор философии по праву (PhD), директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кабанбай батыра 42-80

Сот.тел.: +7 775 538 60 17

Ахметова Айнаш Жумажановна

Должность: магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «Юриспруденция» Университета Шакарима г. Семей

Почтовый адрес: 071410, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Бозтаева 77-27

Сот.тел.: +7 701 339 88 81

К проблеме объекта уголовного правонарушения

Karazhanov Malik Dulatovich

Position: Doctor of Philosophy in Law (PhD), Director of the Institute for Advanced Studies and Retraining of Human Resources, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Kabanbai batyr st., 42-80

Mob.phone: +7 775 538 60 17

Akhmetova Aynash Zhumazhanovna

Position: Master of Laws, Senior Lecturer of the Department of Jurisprudence of the University of Shakarim, Semey

Mailing address: 071410, Republic of Kazakhstan, Semey city, Boztayeva st., 77-27

Mob.phone: +7 701 339 88 81

To the problem of the object of a criminal offense